

В ПОСЛЕДНИЕ ГОДЫ МЫ НАБЛЮДАЕМ ИСТОРИЧЕСКИЙ МАКСИМУМ ГРУЗОБОРОТА В КАЗАХСТАНЕ. В СРЕДНЕМ РОСТ ИДЕТ НА 5-6% ЕЖЕГОДНО, И НА СЕГОДНЯШНИЙ ДЕНЬ ИНФРАСТРУКТУРА ИСПЫТЫВАЕТ БОЛЬШУЮ НАГРУЗКУ. ДЛЯ БЕСПЕРЕБОЙНОЙ РАБОТЫ ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ ДОПОЛНИТЕЛЬНО СТРОЯТСЯ ЧЕТЫРЕ ЛИНИИ В ЦЕНТРЕ, НА ЮГЕ И ВОСТОКЕ КАЗАХСТАНА. ТАКЖЕ ПЛАНИРУЕТСЯ ПРОЛОЖИТЬ ВТОРЫЕ ПУТИ НА ЧЕТЫРЕХ ОДНОПУТНЫХ УЧАСТКАХ В РАЗНЫХ РЕГИОНАХ СТРАНЫ. ЕЩЕ В ПЛАНАХ КОМПАНИИ ЗАКУПИТЬ 458 ЛОКОМОТИВОВ.



Нурлан САУРАНБАЕВ,
председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы»



№53 (2870)
04/07/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

КӨМІР ТАСЫМАЛЫ: ДЕРЕКТЕР БАЗАСЫ ҚҰРЫЛУДА

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ үшін көмір тасымалы – ең жауапты да маңызды міндет. ҚТЖ бүгінде өңірлерді көмір қорымен қамтамасыз ету ісін мониторингілеуді жетілдіруде.

Ұлан ОРАЗ,
Астана

«ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС-де өңірлерді көмірмен қамтамасыз ету бойынша интерактивті деректер базасы құрылуда. Онда кіреберіс жолдардың техникалық сипаттамасы, жүк түсіру қуаты, ЖЭО қоймаларында көмірдің болуы туралы мәліметтер жинақталып реттеледі, сонымен қатар көмір өндіру орындарындағы тиеу жоспары мен жұмыс тәртібі көрсетіледі. Одан басқа теміржолшылар көмір тиелген вагондардың жүгі түсірілетін кіреберіс жолдардағы қозғалыс қауіпсіздігі жағдайына аудит жүргізеді.

ҚТЖ жоспарлы түрде көмір тасымалы бойынша міндеттерді атқарады. 2023 жылғы қаңтар мен мамыр айлары аралығында ҚТЖ желісі бойынша 44,3 млн тонна тас көмір тасымалданды. Экспортқа 13,2 млн тонна қатты отын жөнелтілді. Республика бойынша 31,2 млн тонна көмір



тиелді. ЖЭО қоймаларына 28,4 млн тоннаға жуық қатты отын тасымалданды. Халыққа 2,7 млн тонна көмір жеткізілді. Жүк жөнелтушілерге қатысты барлық мәселелер жұмыс тәртібімен жедел шешімін табуға айта кетейік, әлеуметтік жүк саналатын қатты отын тасымалы бүгінде жыл он екі ай тоқтаусыз жүргізілетін болған.

Жақында Үкіметте Премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте көлік, байланыс және отын-энергетика кешендеріндегі бәсекелестікті дамыту шаралары талқыланды.

Үкімет басшысының айтуынша, көмір нарығындағы бәсекелестікті дамыту аясында аймақтық операторларға коммуналдық-тұрмыстық көмірді тікелей жеткізуді ұлғайту және 2024 жылға қарай онымен биржалық сауда-саттық нормативін арттыру, сондай-ақ нарыққа баламалы жер қойнауын пайдаланушыларды жіберуді кеңейту жоспарланып отыр. Премьер-министр энергетикалық көмір бағасының негізсіз өсуіне жол бермеу жөнінде шаралар қабылдау қажеттігін атап өтті.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

МОЩНОСТИ ПО ПЕРЕВОЗКЕ ЗЕРНОВЫХ НАРАСТАЮТ

Между Казахстаном и Ираном подписано соглашение о сотрудничестве в сфере грузовых и контейнерных перевозок через порт Амирабад. До конца года стороны планируют нарастить мощности на маршруте до 250 тысяч тонн зерновых, а к концу 2025 года довести объем перевозок до одного миллиона тонн в год.

Деловая площадка собрала более 100 представителей крупных и средних компаний Казахстана и Ирана. Вице-министр торговли и интеграции РК Кайрат Торебаев отметил, что товарооборот между Казахстаном и Ираном за 2022 год вырос на 19,8%, по сравнению с предыдущим годом, и составил 528 миллионов долларов.

– Увеличение товарооборота между нашими странами – одна из важнейших задач торговой политики Казахстана. Казахстанские компании в среднесрочной перспективе готовы дополнительно поставлять в Иран порядка 75 видов обрабатываемых товаров на сумму 250 миллионов долларов, в первую очередь это сельхозтовары, – подчеркнул он.

Отмечено, что наибольшей популярностью у иранского потребителя пользуется продукция казахстанского АПК и пищевой промышленности. Основными товарами агроэкспорта в Иран традиционно выступают пшеница, ячмень, подсолнечное масло, семена льна.

Алуа ТЛЕУБАЙ

Сервис

БИЛЕТ САТУДА ӨЗГЕРІС БАР

Маусымның 27-нен бастап Теміржол көлігіне арналған жол жүру билеттерін сату ережесіне енгізілген өзгерістер күшіне енді. Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің 2003 жылғы маусым айының 9-ы күні шыққан бұйрығына сәйкес теміржол көлігі билеттерін сату мерзіміне аздап өзгеріс енген.

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

Ведомство бұйрығында жолаушылар және қала маңына қатынайтын пойыздарға билеттер сату мерзімі өзгертілген. Мәселен, жолаушылар пойыздары үшін теміржол билеттері сатылу режиміне немесе бос орындардың болуына қарай жолаушылар пойызын құрастыру немесе айналым пункттерінен, аралық станциядан пойыз жөнелтуге дейін кемінде 45 тәуліктен 1 тәулікке дейін уақыт аралығында сатылады. Әрине, бұрын да билет сату мерзімі 45 тәулік бұрын басталып, пойыз жөнелтілгенге дейін сатыла беретін. Ал қала маңына

қатынайтын пойыздарға билеттер 10 тәулік пен 1 тәулік аралығында сатылады. Бұрын бұл қатынастағы пойыздарға билеттер сатылуы 10 тәулік бұрын басталып, пойыз жөнелтілгенге дейін жүзеге асырылатын. Ендеше, сапарыңызды күнбұрын жоспарлап, билетті де алдын ала сатып алғаныңыз тиімді болмақ.

Пойызды ауыстырып отыруға және ертерек кететін пойызға билетті қайта ресімдеуге арналған билеттер сатылуы жолаушының межелеген станциясына жету және бос орын болған жағдайда осы станциядан жөнелтілуі арасындағы 1 сағаттан кем емес уақытты есепке ала отырып жүзеге асырылмақ. Егер



билет интернет-ресурстар, электрондық терминалдар және фискалдандырылған билет сату кешендері арқылы ресімделсе, онда жол жүру құжатының сериясы және нөмірі көрсетілмек. Сонымен қатар қазір мұндай билетке қауіпсіздік кодын қою талабы жойылған.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ПОРТЫ СТРАТЕГИЧЕСКОГО ЗНАЧЕНИЯ

Министр индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан Марат Карабаев проверил реализацию планов развития морских портов Мангистауской области.

Айлин БАУРЖАН,
Астана

В ходе двухдневного рабочего визита Марат Карабаев провел встречи в морских портах Курык и Актау, а также проверил деятельность Актауского морского северного терминала.

В порту Курык обсуждено строительство предпаромной сортировочной станции и зернового терминала мощностью один миллион тонн в год, который позволит увеличить его пропускную способность в направлении Ирана и Кавказского региона.

Также руководитель министерства посетил предпортовую железнодорожную станцию порта Курык, причалы ТОО «ЕРСАЙ Каспиан Констрактор» в заливе Александ-

ра Бековича-Черкасского, а также многофункциональный морской терминал «Саржа», который строится компанией «Сеймург Инвест» за счет частных инвестиций в рамках развития транзитно-транспортного потенциала страны.

В Актауском морском торговом порту основной темой встречи стали рабочие вопросы создания контейнерного хаба и дноуглубления прилегающей акватории, а также удлинения причала №3, восстановления нефтеналивных причалов и обновления парка перегрузочной техники.

Располагаясь в точке пересечения нескольких международных транспортных маршрутов, морские порты обеспечивают круглогодичную перевозку всех видов грузов с Востока на Запад, с



Севера на Юг и в обратном направлении.

Так, к 2030 году потенциал Транскаспийского международного транспортного маршрута оценивается до 20 миллионов тонн грузов в год, в том числе включая контейнерные перевозки до двух миллионов ДФЭ, что потребует соответствующего развития портовой инфраструктуры для потенциальной переориентации на данный коридор от 3% до 20% ежегодного объема транзитных грузов, следующих по направлению Восток – Запад через

альтернативные транзитные маршруты.

К слову, завершение развития морских портов Актау и Курык позволит довести совокупную пропускную способность казахстанской портовой инфраструктуры с 17,3 до 39,3 миллиона тонн в год.

В завершение рабочей поездки Марат Карабаев посетил СЭЗ «Морпорт Актау», где ознакомился с деятельностью экономической зоны, перспективами развития и проблемными вопросами.

Фото автора

ЖҮЗ ҒИМАРАТ ЖӨНДЕУДЕН ӨТЕДІ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Магистральдық желі дирекциясы Өндірістік ғимараттарға жөндеу жүргізу бағдарламасын бекіткен. Аталған бағдарлама аясында 2026 жылға дейін 1431 объектіге ағымдағы жөндеу және 191 объектіге күрделі жөндеу жүргізіп, жаңарту жоспарланған.

Үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығында Магистральдық желі дирекциясы 100-ден астам өндірістік ғимаратты жөндеуді жоспарлаған болатын. Қазіргі таңда өндірістік ғимарат пен үй-жайларды жөндеу жұмыстары басталды. Бүгінгі таңда магистральдық желінің Қостанай, Шымкент және Маңғыстау бөлімшелеріндегі 14 нысанда өндірістік процестер аяқталды. Ал Апановка станциясындағы тартымдық қосалқы станциясы мен байланыс желісі ауданының ғимараты, Игілік, Шойтөбе, Дарбаза және басқа да объектілердегі табылған жөндеу жұмыстарына ерекше назар аударылып отыр.

Ал Компанияның еншілес ұйымы «Кедентранссервис» АҚ болса, өз қызметкерлеріне модульдік санитарлық-тұрмыстық үйлер сатып алуда. Осындай үйлердің алғашқысы аталған компанияның Қарағанды филиалына орнатылды. Ол кран машинистері мен қабылдап-тапсырушыларға арналған. Модульді үй сантехникамен, кондиционер, су жылыту, қуат көзі, өрт белгісі, жылыту жүйелерімен жабдықталған. Тіпті, үйде, асуы аймағы жабдықталып, жиһаздар қойылған. Өндірістік персоналдың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту бағытында еңбек қорғау бойынша кешенді шаралар қабылдаған кәсіпорын жылдың соңына дейін тағы үш үй сатып алуды жоспарлап отыр.

Нұрбек БЕКЕН

КЕЗ КЕЛГЕН ӨНДІРІСТІК КӘСІПОРЫНДА БАС ИНЖЕНЕРДІҢ РӨЛІ ҚАШАН ДА МАҢЫЗДЫ. БАС ИНЖЕНЕРЛЕР – ӨНДІРІСТІК КОМПАНИЯНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ «МИЫ», СОНДЫҚТАН МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ИНЖЕНЕРЛЕРДІҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫН КӨРСЕТЕДІ. АЛ ИНЖЕНЕРЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР КОМПАНИЯНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖЕЛІ ДИРЕКЦИЯСЫНЫҢ МӘЛІМЕТІНШЕ, ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН БЕЙ-НЕПІРКЕУ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ

50
ТЕМІРЖОЛ ӨТКЕЛІНЕ
ОРНАТЫЛМАҚ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ
АЛДАҒЫ УАҚЫТТА

460
ЛОКОМОТИВ САТЫП АЛУДЫ
ЖОСПАРЛАП ОТЫР

АҚТАУ ПОРТЫ
АРҚЫЛЫ БЫЛТЫР

**4 МЛН
ТОННАҒА**
ЖУЫҚ ЖҮК ЖӨНЕЛТІЛГЕН

90 ЖЫЛДЫҚ ТАРИХЫ БАР

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана



3 маусым – вагоншылар күні. Биыл вагон шаруашылығының құрылғанына 90 жыл толып отыр. Теміржол саласы үшін вагон шаруашылығының маңызы өте зор.

Егер тарихқа шолу жасасақ, КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен ВКП(б) Орталық Комитетінің 1933 жылғы 3 шілдедегі «Теміржол көлігінің жұмысы туралы» қаулысымен теміржол шаруашылығына қарасты негізгі салалардың жұмысын жақсарту мақсатында тартым күші басқармасы паровоздарды басқару және вагондарды басқару болып екі бөлімшеге бөлінді.

Осы құжаттың негізінде Достастыққа қатысушы мемлекеттердің теміржол әкімшіліктерінің вагон шаруашылығының уәкілетті мамандарынан құралған Теміржол көлігі жөніндегі кеңесінің комиссиясы 2008 жылғы 24-26 маусымда Тәжікстанның Худжанд қаласында өткен отырысында 3 шілдені вагон шаруашылығының құрылған күні немесе жай ғана Вагоншы күні деп санауды ұйғарды.

Қазақстан темір жолының вагон шаруашылығын басқарған білікті кәсіби мамандар аз емес. Олардың қатарында Әділ Ізбекев, Слямбек Рыспаев, Зейнолла Шайықов, Қайраткен Нығметов, Сәкен Төлебаев сынды вагон шаруашылығының «жілігін шаққан» майталман мамандар, білікті басшылар салаға жетекшілік етті.

«ҚТЖ» ҰК АҚ-да вагоншылардың білім-біліктілігін көтеруге ерекше назар аударады. Жыл сайын қауіпті ақауларды анықтап, қозғалыс қауіпсіздігіне орасан зор үлес қосып отырған вагоншылар қандай құрметке де лайық дер едік.

ЕКІ САҒАТТА СӨНДІРІЛДІ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



Ақтөбе темір жолының Қорайлы станциясында далалық өрт ауыздықталды. Құрғақ шөптер мен екпе талдардың жануы лезде екпін алып, қызыл жалын темір жол бойына дейін жетті.

Ақтөбелік өрт сөндіру пойызы лезде оқиға орнына келіп жетіп, тілсіз жаумен күресті бастап жіберді. Үнемі дайындық сапында болып, жиі жаттығатын өрт сөндірушілер батыл да сауатты қимылдап, қызыл жалын екі сағат ішінде толықтай сөндірді. Зардап шеккендер жоқ.



– Өрт оқиғасы 30 маусым күні сағат 13:45-те Қорайлы станциясы маңында тіркелді. Қатты соққан жел өртті лезде теміржол бойына жақындатты. Оқиға орнында біздің өрт сөндіру пойызынан басқа ТЖД Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметі, Ақтөбе орман шаруашылығы мамандары техникасымен келді. Абырой болғанда пойыз кестесіне кедергі келтірілмей, өрт ауыздықталды, – деді Ақтөбе мемлекеттік емес өртке қарсы қызметінің бастығы Әділ Құбаев.

Құрғақ шөптің жануы кезінде өрт сөндірушілер кірпіні де құтқарып қалды. Ыстықта шөлдеген дала жануары өрт сөндіру кезінде аққан суға жүгіріп, жол үстіне шығып кеткен. Құтқарушылар оған су беріп, қауіпсіз жерге көшірді.

Суретті түсірген автор

МАҚСАТ – ҚАТЕЛІККЕ ЖОЛ БЕРМЕУ



АЙМАҚ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Десек те, жоспарлы шаралар аясында семейлік теміржолшылар оң нәтижелерге қол жеткізуде. Шығыстағы жүк айналымы соңғы бес жылдың ішінде отыз пайызға артыпты. Соңғы 6 айда жүк айналымының жалпы көрсеткіші 4002 млн т шақырымды құраған. Сәйкесінше, жылжымалы құрамдардың қозғалыс қауіпсіздігін қадағалауға да басымдық берілген. Бұл шаралардың сыртында тастанды пойыздарды болдырмау мақсатындағы қолға алынған жұмыстар қатары тағы бар. Осылайша, қозғалыс саласында қалтқысыз қызмет көрсететін теміржолшылар үшін қауіпті шақ орын алған болатын. Десек те, көзделген міндеттемелерді толық орындау барысында қауіпсіздікке айтарлықтай нұқсан келген жоқ. Мәселен, өткен жылдың алты айында қозғалыс қауіпсіздігін бұзудың 5 фактісі орын алған болса, биылғы есепті мерзім бойынша оның саны 4-ке төмендеді.

Семей ЖТ бөлімшесінің өндірістік-техникалық бөлімі мамандарының сөзіне сүйенсек, оған бірқатар нақты факторлар себеп болған. Бірінші кезекте соңғы жарты жылдың ішінде желі бойында қозғалыс қауіпсіздігі жағдайын анықтау мақсатында 621 тексеру жүргізіліп, 144 ескерту жасалған. Сонымен қатар 60 сөгіс жарияланыпты. Яғни кемшіліктерге жол бермеу бойынша

Теміржол саласында күн тәртібінен түспейтін мейлінше өзекті мәселелердің бірі – қозғалыс қауіпсіздігі. Семей ЖТ бөлімшесі бойынша аталмыш жайттың маңыздылығы тіптен арта түсуде. Оған себеп, ағымдағы жылдың алты айында жүк айналымының күрт артып, рекордтық көрсеткішке жетуі, осыған орай қозғалыс жиілігінің артуы болып отыр.



жүйелі түрде жұмыстар жүргізілген болатын.

Әйтсе де, қауіпсіздік қызметінде мейлінше жоғары нәтиже беретін бірден-бір шара мамандардың кәсіби біліктіліктерін шыңдау екендігі белгілі. Бұл орайда есепті мерзім ішінде қозғалыс саласындағы мамандарға 211 мәрте теориялық тұрғыдағы техникалық дәрістер өткізілген. Сол тәрізді практикалық техникаларға да кеңінен орын беріліпті. Бұл шаралар биылғы техникалық дәріс жылы аясында өткізілгенді.

Әйтсе де, өткен жарты жылдағы жетістіктердің бірі жолаушылар пойыздарын кестеден кешіктірмеу және вагондар мен локомотивтердің ақауына жол бермеу болып отыр. Яғни қозғалыс барысындағы жылжымалы құрамдардың ешбіріне қауіп

төңдірлік нұқсан келмеген. Нақтырағы, апаттық жағдайға жол берілмеді.

Осы орайда қозғалыс қауіпсіздігі саласында уақытпен санаспай қалтқысыз еңбек етіп жүрген вагон қараушылар, пойыз диспетчерлері, станция кезекшілері, пойыз құрастырушыларының еңбектері ерен, қызметі бағалы. Қазіргі таңда аталмыш салада жетістіктерге жетіп, озат атанып жүрген теміржолшылардың есімдері нақтылануда. Олардың барлығы да алда келе жатқан кәсіби мерекеді марапатқа кенелмек.

Ал семейлік теміржолшылар болса, қозғалыс қауіпсіздігі саласындағы кемшіліктер қатарын алдағы алты айда тағы да төмендетеміз деген сенімде.

Суретті түсірген автор

ШҰҒЫЛ ӘРЕКЕТ ТОБЫНЫҢ ШИРАҚ ҚИМЫЛЫ



КҮЗЕТ

«Әскерилендірілген темір жол күзеті» ЖШС Тараз филиалы Жамбыл бөлімшесіне қарасты мың шақырымнан астам болат жолдың аумағына қызмет көрсетеді. Теміржол нысандарындағы күзетті ұйымдастырып, тасымалданатын жүктердің қауіпсіздігі мен сақталымын назарда ұстап отырған теміржолдың әскерилері алғашқы тоқсанда 12 ұрлықтың жолын кескен.

Ерман ӘБДИЕВ,
Тараз

Филиалдың Тараз, Түрксіб, Шу, Сарышаған станцияларында орналасқан 4 атқыштар командасына нағыз сайдың тасындай жігіттер іріктелген. Сондай-ақ Тараз, Шу, Түрксіб станцияларында Шұғыл әрекет ететін оңтайлы топтар да ұйымдастырылып отыр.

– Біздің басты мақсатымыз – тасымалдағы миллиондаған тонна жүктерді диттеген жеріне жеткізіп, қауіпсіз сақталуын қамтамасыз ету үшін әскерилендірілген күзетпен қамтамасыз ету. Жол бойындағы тәртіп бұзушылық, ұрлық-қарлықты қадағалап, бақылайтын сарбаздарымыз арнайы техникалар мен қару-жарақпен қамтамасыз етілген. Осы жылдың бірінші тоқсанында барлығы 5261 жүк құрамы қабылданып,

оның ішінде 3090 жүк пойызы және локомотивсіз тасталған 1070 пойыз толықтай күзетпен қамтамасыз етілді. Темір жолдағы ұрлықтың алдын алу бойынша жүргізілген жүйелі жұмыстың нәтижесінде 2022 жылдың сәйкес мерзімі көрсеткішімен салыстырғанда ұрлық күдігімен ұсталғандардың саны отыз пайызға көбейген. Шұғыл әрекет ететін топтың күшімен бірінші тоқсанда 12 ұрлықтың беті ашылып, 13 азамат желілік полиция бөліміне жеткізілді, – дейді Тараз филиалының директоры Еркін Мүсілімов.

Күзет қызметінің жұмысы тіпті де оңай емес, сарбаздар кейде төтенше оқиғалармен бетпе-бет келіп жатады. Ақпан айында таңертең 5.30-да күзетшілік міндетін атқарып тұрған Түрксіб атқыштар командасының күзетшісі Е.Нышанбаев станциядағы жинақтау паркінің 25-ші жолында екі адамның сұлбасын байқап қалады. Күзетшінің көзіне іліккенін

білген екеу жедел мемлекеттік нөмірі «KZ 134 UUA» жеке BMW автокөлігіне мініп, қаша жөнелді. Ізіне түскен күзетші Түрксіб станциясы, Степная көшесі, 8-үй тұрғыны, 1998 жылы туған күдіктіні құрықтайды. Ол №29509890 вагонының бекіту пломбалау құрылғысын үзіп үлгергені белгілі болды.

Жалпы, осы аралықта Шұғыл әрекет ету тобы ұрлықтың алдын алу бойынша болат жолдың бойында 70 іс-шара ұйымдастырып, жүк пойызына 22 рет жасырын бақылау жүргізгені. Соның нәтижесінде 66 азаматқа темір жол бойындағы ережені бұзған үшін ескерту жасалған.

– Біз әрдайым жаяу жүргіншілерге болат жолдың бойы қауіпті аймақ екенін ескертумен келеміз. Өз өміріне бей-жай қарайтын тұрғындар, өкінішке орай, азаймай отыр, – дейді Еркін Түгелбайұлы.

Суретті түсірген автор



Семинар

ҚАУІПСІЗ ЕҢБЕК ҚАҒИДАЛАРЫ

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Қазалы белгі беру және байланыс дистанциясында «Еңбек қызметі және оның тәуекелдері» тақырыбында өткен семинарға Түркістан мен Сексеуіл станциялары арасындағы мекемелердің еңбек қорғау және техникалық қауіпсіздік инженерлері мен еңбек инспекторлары қатысты.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің еңбек қорғау инженері Ғалымжан Пірішев модераторлық жасаған жиында тақырып төңірегіндегі мәселелердің шешілу жолдарын бірге қарастыру қажеттігіне басты назар аударылды.

«Қазкөліккәсіп» ҚБ Қызылорда филиалының төрағасы Бауыржан Ахметов «Қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметтері мен саладағы кәсіподақ ұйымдарының өзара іс-қимылы қадамдарын анықтау» тақырыбында баяндама жасап, мекеме жұмыскерге қажетті жұмыс жағдайын жасау арқылы оның еңбегін қорғайтынын, ал жұмысшы еңбегі қауіпсіз болу үшін өзіне тиісті жағдай жасауды талап



етуге хақылы екенін ескертті. Кейде теміржолшылар осыны ескермей, өз салғырттығы кесірінен қауіп-қатерге тап болатыны айтылды.

– Мысалға алсақ, электромонтер қауіпсіздік қағидасын өрескел бұрмалап жұмыс жасап жүргенін кездестіруіміз мүмкін. Алайда электромонтер менің құрал-сайманым белгілі кернеумен ғана жұмыс жасауға рұқсат етілген, одан жоғары кернеуде жұмыс жасай алмаймын демеуі мүмкін, бұл өрескел қателікке біздер мен сіздер жол бермеуіміз керек, жұмыскердің өз өміріне жауапсыз қарауына үнсіз келісіп, қауіпті жағдайға жол берудің орнына жұмыс жағдайын талапқа сай болуын басшылықтан талап етіп, қашан орындалғанша қаперде ұстауды дағдыға енгізу қажет, – деді кәсіподақ жетекшісі.

Жұмысшылардың денсаулығын өз еткен «Медикер» серіктестігінің өкілі Гүлмира Пайзоваға көп сауал жолданды. Облыстық басқарманың еңбек инспекторы Айдос Асқарұлына да сұрақ қоюшылар қатары көп болды.

Дистанцияның бас инженері Әсет Асранқұлов, мінез-құлық диалогы ұстанымдарын, қауіпсіздік диалогын «айсберг», «оқиғалар пирамидасы» тәсілдерінен мысал келтіре отырып түсіндіріп, жұмыс орнында жіберілген кемшіліктердің қайталануының алдын алу, сақтану жолдары жайлы бейне-

роликтер көрсету арқылы баяндама жасады.

Қысқасы, еңбек қорғау мәселесіне жауапты 16 инженер-маманның баяндамасы тыңдалған семинарда іс-тәжірибелерімен бөлісу, тосын жағдайлардың қайталануына жол бермеу арқылы нәлдік жаракат ұстанымына қол жеткізудегі талпынысымен көзге түскен мамандар қатарында Қызылорда ПЧ-57 бас инженері Ақыл Әбілдаев, Қазалы ЭЧ-26 бас инженері Асқар Тлеулин, НЖС жетекші инженері Ұлжалғас Арқабаева, Қызылорда ЭЧ-25 жетекші инженері Жайылхан Сейтов және Қазалы ПЧ-59 еңбек қорғау және қауіпсіздік бөлімінің жетекші инженері Сырлан Сұлтамұратов болды.

Теміржолшының қауіпсіздігі, денсаулықты сақтау, жұмысқа жарамсыздық парағының берілу шарттары, сенбілікке шығу тәртібіне орай еңбекақы төлеу заңдылығы, мақсатты, тосын, арнайы инструменттарды өткізу қағидалары, өрт немесе апат орын алған жағдайдағы талаптар, т.т. тақырыптар төңірегінде пікір алмасқан қатысушылар сала жұмысында қажетті ақпараттармен алмасуды да ұмытпады.

Суретті түсірген автор

ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ МАСТЕРСТВА



КОНКУРС

Конкурс профессионального мастерства «Лучший по специальности» среди осмотрщиков, осмотрщиков-ремонтников вагонов провел командно-инструкторский состав и ИТР Оскеменского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-24) совместно с профсоюзом.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Главная цель – это стимулирование повышения квалификации, внедрение и распространение передовых методов работы, закрепление навыков и знаний работников.

В конкурсе приняли участие работники ПТО станций Оскемен-1, Бухтарма, Алтай, Новоусть-каменогорск, Риддер, Кумыстау, КТПО станций Усть-Таловка, Иртышский завод. Для оценки их знаний и умений создали специальное жюри во главе с начальником Оскеменского эксплуатационного вагонного депо Маратом Кадырхановым.

Пока все собирались, мастер производственного обучения Аслан Жаугашев рассказал о рационализаторском предложении «Чека тормозной колодки»

работника станции Бухтарма, которое направлено на улучшение условий труда, повышение уровня безопасности. За это предложение автору Ерлану Бадагулову с ПТО станции Бухтарма как участнику конкурса «Лучший по специальности» добавили два балла.

Как рассказал мастер ПТО станции Бухтарма Сабыржан Калитов, у них с 2020 года прошло пять рацпредложений.

Открывая мероприятие, Марат Кадырханов рассказал, что 3 июля ежегодно отмечается День работников вагонного хозяйства. Также он напомнил, какую важную функцию они выполняют для достижения безопасности поездов.

– Посещение техзанятий и благополучная сдача экзаменов – это одно, вместе с тем всегда должен идти обмен опытом среди работников, – обратился Марат

Кадырханов к собравшимся.

С приветственным словом выступил также региональный ревизор вагонного хозяйства, член комиссии и главный судья Нуржан Асанов. Он поздравил собравшихся с семейным праздником, пожелав им благополучия в семьях, успехов в работе, и чтобы знания, полученные в ходе конкурса, участники всегда применяли при выполнении технологического процесса на каждом участке и каждом ПТО.

Конкурс состоял из двух частей. Во время проверки теоретических знаний участникам было необходимо ответить на 50 вопросов, которые непосредственно касаются их работы. Основные темы заданий – требования должностных инструкций, технические требования к узлам и деталям вагонов, требования безопасности и охраны труда. При этом

каждый вопрос содержал три варианта ответов.

Практическая часть конкурса проходила в рабочем парке ТОР станции Оскемен-1. Для решения тестовых заданий отводилось 30 минут. В ходе него осмотрщики за четыре минуты должны были обнаружить в двух вагонах все неисправности ходовых частей, кузова, автотормозного и автосцепного оборудования.

Подводя итоги конкурса, начальник ВЧД-24 Марат Кадырханов наградил победителей, выразив пожелание.


Так, первое место занял осмотрщик вагонов ПТО станции Оскемен-1 Жаркын Бейсенбаев, второе – осмотрщик-ремонтник вагонов ПТО станции Риддер Дмитрий Ткачук, третье – осмотрщик-ремонтник вагонов ПТО станции Бухтарма Александр Курский. Все участники получили призы на память за активное участие.

– Впереди у нас намечается аттестация работников, – сообщил радостную новость Марат Кадырханов. – Все участники конкурса могут считать себя аттестованными.

К слову, с просьбой поделиться опытом к организаторам таких конкурсов Оскеменского эксплуатационного вагонного депо обращались вагонники из других регионов.

БЕЗОПАСНОСТЬ НА ПУТЯХ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



ПРОФИЛАКТИКА

С наступлением лета у школьников становится больше свободного времени. Одни – в поисках острых ощущений бродят по железнодорожным путям, другие – собираются на вагоны и электровозы, делая селфи. Как следствие, число несчастных случаев с несовершеннолетними на железнодорожных путях возрастает.



В Костанайском филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» с наступлением летнего периода традиционно проводят профилактическую работу со школьниками, чтобы донести до них все опасные последствия нарушения правил безопасности на железной дороге. В частности, сотрудники станции Костанай систематически проводят профилактическую работу в близлежащих городских средних школах № 122, 115, 8. Она проводится путем раздачи и наклейки листовок. Подобными мерами было охвачено более 400 учащихся 4-11-х классов, а также учителей. Работники железной дороги выдали школьникам наглядные памятки «Железная дорога – зона повышенной опасности». Кроме этого, информационные листы были разложены в почтовые ящики близлежащих к железной дороге жилых домов.

– Хочу обратиться к школьникам, их родителям, – говорит главный инженер станции Костанай филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Жаслан Туржанов. – В период летних каникул, особенно дети, должны помнить, что железная дорога – это зона повышенной опасности! Соблюдайте правила безопасности на железнодорожном транспорте! Не подвергайте свою жизнь опасности, берегите себя и своих друзей от несчастных случаев. Помните: напряжение в контактом проводе – 27 500 Вольт. Просим вас не подниматься ради селфи на крыши вагонов, на металлические конструкции железнодорожных мостов. Не касайтесь опор контактной сети, не бросайте серпантин, магнитную ленту и другие предметы с пешеходного моста, можете попасть под напряжение контактной сети. Не приближайтесь к устройствам контактной сети ближе двух метров, это опасно для жизни!

Фото автора

СТАНЦИИ БОЛЬШИХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ



ИНФРАСТРУКТУРА

Два международных перехода Достык – Алашанькоу, Алтынколь – Хоргос – два важнейших звена в развитии экономических связей между странами Европы и Азии. Обе станции наращивают объемы перевозок, это ожидаемое и закономерное достижение при высокой производительности и эффективности труда, об этом говорят цифры.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

По станции Алтынколь экспортных грузов при запланированном объеме перевозок в КНР 43 076 вагонов передано 46 200, что составило в тоннаже 112%. Из них 22 003 – погрузка из Казахстана в Китай, 24 197 – транзит, в том числе в Россию – 6 316, Узбекистан – 7 440, Кыргызстан – 82, Беларусь – 5 862, Польшу – 588, Германию – 3 659 вагонов. По сравнению с прошлым годом, наблюдается увеличение сдачи экспортных грузов в тоннаже на 1 094 497 (86%).

Более того, прием импортных грузов при плане ОСЖД 73 826 вагонов выполнено 121 234. Из них 34 316 – это погрузка из КНР в РК, 86 918 – транзит, в том числе в Россию – 31 821, Узбекистан – 30 336, Беларусь – 5 149, Кыргызстан – 3 497, Таджикистан – 2 491, Польшу – 12 929. В сравнении с тем же периодом прошлого года, наблюдается увеличение приема импортного груза в вагонах на 22 238 (22%).

Динамика роста показателей наблюдается и на станции Достык, где передача экспортных грузов в КНР при плане 77 147 вагонов составила 78 048. Из них 54 606 – погрузка РК в КНР, 23 442 – транзит, в том числе в Россию – 6 397, Узбекистан – 595, Беларусь – 16 372. По сравнению с аналогичным периодом прошлого года, наблюдается увеличение сдачи экспортных грузов в вагонах на 6 911 вагонов. По возрастающей идет и импорт. Так, при плане ОСЖД 49 239 вагонов выполнено 93 482. Из них 15 144 вагона – погрузка КНР в РК, 78 338 – транзит, в том числе в Россию – 56 310, Узбекистан – 2 766, Кыргызстан – 129, Германию – 18 590, Таджикистан – 307, Туркменистан – 110. По сравнению с периодом прошлого года, наблюдается увеличение приема импортного груза в вагонах на 20 547. Общий грузооборот при сдаче и приеме в КНР: при плане ОСЖД 126 386 вагонов фактическое выполнение составило 171 530.

Кроме того, отмечается устойчивая тенденция роста передачи поездов по коле

1520 и 1435 мм через международный переход Достык – Алашанькоу.

Успешное выполнение задач удалось благодаря слаженной и продуманной организации всех причастных к перевозочному процессу.

К слову, успешная реализация проекта «Строительство вторых путей на участке Достык – Мойынты» позволит увеличить пропускную способность участка в пять раз, а также скорость контейнерных поездов до 1 500 километров в сутки.

На сегодняшний день здесь проводятся земляные работы по возведению насыпи. В текущем году укладка вторых путей запланирована на участке Актогай – Достык от разезда № 5 до станции Сайкан, от станции Жайпак до разезда № 16.

– Проводится работа по техническому развитию станции Достык как одного из основных межгосударственных стыковых пунктов, международных транзитных железнодорожных перевозок сообщением Китай – Европа, – говорит начальник станции Достык Максат Мамбеткулов.



СТРАТЕГИЯ БУДУЩЕГО



ФОРУМ

В Караганде прошел форум «Молодежь и профсоюз – стратегия будущего», организованный Карагандинским филиалом ОО «Казпрофтранс».

Светлана МОГАЙ,
Караганда

В мероприятии приняли участие более 60 молодых профсоюзных активистов, председатели молодежных советов и первичных организаций профсоюза региона.

– Мы собрались здесь, чтобы пообщаться, проанализировать и определить новые тенденции в информационной работе профсоюза. Как известно, молодежь является мощным двигателем в любых начинаниях, в том числе и в профсоюзной деятельности, и проводимое мероприятие даст мощный толчок для ее развития, расширения границ и роста мотивации, – обратился к присутствующим председатель Карагандинского

филиала ОО «Казпрофтранс» Яхия Альмусин.

В форуме приняли участие заместитель председателя территориального объединения профсоюзов «Профсоюзный центр Карагандинской области» Татьяна Шатохина, председатель молодежного совета «Келешек» при Профсоюзном центре Карагандинской области Аймира Баграмова, победитель 2-го потока программы «100 молодых лиц» АО «НК «КТЖ» Арман Даулетова. Они поделились личными примерами из жизни профсоюза и тем, как специалисты помогают им.

Именно навыки и умения по генерации идей, в первую очередь нестандартных, легли в основу всех этапов форума. Под руководством эксперта по развитию и управ-

лению талантами, бизнес-тренера Максата Жансеитова, участники в максимально доступной форме смогли познакомиться с возможностями вовлеченности молодых специалистов в развитие компании.

Пожалуй, самой интересной частью прошедшего мероприятия стали практические занятия, на которых молодежь училась применять теорию в реальных жизненных ситуациях, находить неожиданные решения, генерировать множество идей за короткий промежуток времени, а в завершение – «приземлять» идеи применительно к основным векторам работы профсоюза. Им поочередно удалось стать участниками стратегической сессии «Информационная работа: анализ и перспективы». Профсоюзные лидеры ярко и креативно презентовали свои проекты аудитории.

После успешной работы в командах, придерживаясь программы мероприятия, была проведена интеллектуальная игра «Prof.com QUIZ», которая состояла из четырех раундов: «Профсоюзный интеллектуал», «Меломания», «Кинематограф», «История».

В ходе форума удалось развеять сомнения в неуверенности в собственных силах профсоюзной молодежи.

Фото автора

Объявление

АО «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» в целях соблюдения гласности, транспарентности деятельности, а также соблюдения баланса интересов с потребителями, намерено провести слушание перед потребителями услуг и иными заинтересованными лицами о деятельности по регулируемым услугам, относящимся к сфере естественной монополии за первое полугодие 2023 года. На данном слушании будет освещена информация об основных финансово-экономических показателях деятельности, об исполнении утвержденной тарифной сметы, о перспективах деятельности и качестве предоставляемых услуг. АО «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» включено в республиканский раздел Государственного регистра по следующим услугам: магистральной железнодорожной сети, подъездных путей, по передаче электрической энергии.

Дата проведения: 28 июля 2023 года в 15.00 (по времени г. Астаны) по адресу: город Астана, улица Кунаева, 6 (блок А, 16-й этаж, зал совещаний).

Кроме того, сообщаем, что заявки на участие в публичном слушании принимаются до 15.00 27 июля 2022 года по контактным телефонам: 60-37-09, 60-37-17, 60-37-18, или на электронную почту: Syzdykov_MZh@railways.kz.

Руководство Акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» и многотысячный коллектив железнодорожников Республики Казахстан выражают глубокие соболезнования родным, близким и коллегам в связи с кончиной замечательного человека, талантливого ученого и организатора науки, доктора технических наук, профессора, президента Российского университета транспорта

Лёвина Бориса Алексеевича.

Борис Алексеевич ушел из жизни 30 июня 2023 года. Ему было 74 года. Его уход – большая потеря для российской отраслевой науки и невосполнимая утрата для тех, кто его знал и общался с ним. Мы помним его, как человека, беспредельно преданного делу, трудолюбивого, жизнерадостного и высокопрофессионального специалиста.

Добрая и светлая память о Борисе Алексеевиче навсегда останется в наших сердцах.

ТОО «Научно-исследовательский центр комплексных проблем» выражает искренние соболезнования родным и близким в связи с невосполнимой утратой – кончиной российского ученого, доктора технических наук, профессора, президента Российского университета транспорта

Лёвина Бориса Алексеевича.

Ушел из жизни большой ученый, замечательный человек, истинный интеллигент. Светлая память ученому и человеку.

Юбилей

ПРИМЕР ПРОФЕССИОНАЛИЗМА И ОТВЕТСТВЕННОСТИ

3 июля 80-летний юбилей отметил Почетный железнодорожник Борис Исинаманов, внесший большой вклад в развитие железнодорожного транспорта. Его трудовой путь – пример ответственности, профессионализма и верности выбранному делу.



Борис Александрович – достойный предводитель династии железнодорожников. Он родился на станции Сара Новопокровского района Оренбургской области в семье путейца и дежурной по поезду. Вскоре семья переехала на станцию Никельтау, где будущий железнодорожник учился в школе. Окончив Актюбинский железнодорожный техникум в 1961 году, Борис Исинаманов работал монтером пути, затем бригадиром и дорожным мастером. В 1967 году после службы в армии году поступил на очное отделение Ташкентский институт инженеров железнодорожного транспорта на специальность «инженер-строитель путей сообщения». Как один из лучших, в 1971 году Борис Александрович направлен в Москву на Всесоюзный слет студентов-отличников высших в учебных заведениях.

Получив диплом, молодой специалист возглавил сложную по состоянию хозяйства и погодно-климатическим условиям Никельтаускую дистанцию пути. В разные годы работал начальником отдела пути, главным инженером Актюбинского отделения дороги. Ответственного и компетентного сотрудника заметили и назначили заместителем начальника отделения дороги. На этой должности он реализовал программу первоочередных мер по разбивке узловых станций Кандагаш, Эмба, Актюбинск-2 и строительству вторых путей и двухпутных вставок, расширению локомотивного депо и техническому развитию всех хозяйств отделения дороги.

В 1984 году Борис Александрович перешел на должность заместителя начальника Западно-Казахстанской железной

дороги, где в тесном сотрудничестве с эксплуатационным персоналом организовал работу восьми общестроительных трестов и военных строительных формирований, десятка проектных организаций. За время его работы построены сотни объектов соцкультбыта, жилья, производственных мощностей, вторые пути, позволившие увеличить объем перевозок.

Особое внимание Борис Исинаманов уделял эстетическому содержанию каждого предприятия, цеха и соответствию требованиям ПТЭ. Своим примером Борис Александрович воспитал не одно поколение работников, руководителей железной дороги Казахстана и соседней России.

По его инициативе на станции Атбасар была организована первая школа передового опыта дорожных мастеров. В 1997 году, после образования РГП «Казахстан темір жолы», Борис Александрович был назначен заместителем генерального директора по технической политике. По 2001 год работал главным ревизором ҚТЖ. А когда началось строительство железнодорожной дороги Хромтау – Алтынсарин, он возглавил Дирекцию по строительству новой линии.

Борис Александрович вспоминает, как радовались местные жители, некоторые из которых

впервые увидели рельсы, а он украдкой вытирал слезы, зная, что в жизни этих людей наступают лучшие времена – когда многие их надежды и желания сбываются.

С 2008 года он работал в ТОО «Компания «Жол жөндеуші». Борис Исинаманов, как профессионал своего дела, знающий местную специфику и современные технологии, руководил строительством новой железнодорожной линии Жетыген – Алтынколь, а затем и Аркалык – Шубарколь.

За вклад в развитие железнодорожного транспорта Казахстана он дважды отмечен высшей отраслевой наградой – знаком «Почетный железнодорожник», награжден орденом «Знак Почета» и «Барыс» III степени и многими другими.


Надежным тылом все эти годы для него была семья: с супругой Даригой Китаровой, тоже железнодорожницей, они воспитали двух детей, которые подарили им внуков. Сын и дочь Исинамановых пошли по стопам родителей – окончили железнодорожный институт и работают в отрасли.

В юбилей Борис Александровича коллеги благодарят его за неустанный труд во имя процветания железной дороги Казахстана, неиссякаемой энергии и благополучия!

Любовь РОББА
Фото из архива

ЖЕЛІДЕ ЖҰЛДЫЗ БОЛҒАН ЖОЛСЕРІК

Біраз уақыт бұрын пойыздағы әнімен хит болған жолсерік Ақылзат Сейтжапар әлеуметтік желі жұлдызына айналған еді. Елдің көбі оның өнеріне сүйсініп, мамандығын ауыстырып алған, негізі әнші болуы керек еді деп те жатты...



Үш күн ішінде танымалдылықтың «дәмін» татқан жолсерікпен хабарласып, өнеріне қызығушылық танытқан едік. Тараздың тумасы Ақылзат шынымен бала кезден ән салады екен, өнер жолын болашағымен байланыстыруды ойлағанын да жасырмады. Алайда мектепте жүргенде жағдайға байланысты Алматыда өткен «Super star» байқауына қатыса алмай, көңілі қалып, әнші болам деген ойынан айнады. Содан бері ол тек өзіне ең жақын деген ортада ғана ән салады. Екінші арманы форма кино еді. Сол арманның жетегінде жолсерік кәсібін тандады. Міне, бүгінде оның жолаушы пойызында халыққа қызмет етіп келе жатқанына 13 жыл. Қазір Астана – Шымкент бағытындағы жолаушылар пойызының жолсерігі.

– Өткен айда Шымкенттен Астанаға қайтар жолда болды бұл оқиға. Өнеріне бізге жолаушылармен ән салып отыруға болмайды. Бірақ сол жолы елордаға байқауға келе жатқан жастар баянмен ән салып отыр екен. Сосын Қарағандыда біраз адам түсіп, вагон іші босап қалған еді. Сосын әлгі жастарға сәттілік тілеп қастарына келдім. Өндерін тыңдап, қосыла ыңылдап отырып, «даусыңыз жақсы екен, ән айтыңыз» деп қолқалаған жастардың көңілін қимай «Әдемі кетшіні» айтып бергем. Әлгі жастардың бірі телефонға түсіріп отырғанын байқадым, бірақ желіге салып жібергенінен хабарсызбын. Астанаға жеткен соң танертең оянаса, бауырларым менің ән салған видеом Тик-ток желісінде шарлап жүргенін айтты. Күні бойы таныстарым звондап, қоңырау толастамады. Оқып қарасам, көргендердің көбісі

жағымды пікір қалдырған. Тіпті телеарналар бірінен соң бірі шақырып, бала күнгі әнші болу арманым орындалғандай күй кештім. Содан мені бастығым шақырып жатыр деді, қатты қорықтым, жұмыс барысында қызметтік функцияма кірмейтін іспен айналысқаным үшін жазалайтын шығар деп ойлады. Керісінше, бастығым ризашылық білдіріп, телеарналар шақырып, неси бар, барып өнеріңді көрсет деді. Бірақ танымал болудың жаман жағын да сезініп қалдым. Менің видеоымның астына кейбір адамдар жаман, жала пікірлер де қалдырыпты. Өнші, өнер адамы, танымал болудың қаншалықты қиын екенін де түсіндім. Өнші болғанда осындай өмір күтетінін айналырған үш күнде Алла маған сездіргендей болды, – дейді кейіпкеріміз.

Ақылзат Сейтжапар – екі баланың анасы. Ұлы мен қызы Астанада мемлекеттік грантпен білім алып жатыр.

– Өнші болып халық алдында жүрмесем де, жолсерік болып халық ортасындамын. Жұмысым өзіме ұнайды, өзім көпшіл адаммын, у-шу елдің ортасында жүрген ұнайды. Оларға қызмет жасап, тойдан, құдалықтан қайтып келе жатқан үлкен апарлармен шүйіркелісіп, көңілін көтеремін. Жолаушы халыққа не керек, жақсы-жайлы сапар үшін таза вагонда салулы тесек, ыстық шәй болса, риза болып, жол бойы әңгіме-дүкен құрып барады, – дейді әнші-жолсерік. Кейіпкеріміз бірнеше рет науқас адамдарға алғашқы медициналық көмек көрсетіп, «Үздік жолсерік» атағын да алған екен.

Ұлан ОРАЗ, Астана
Суретті түсірген автор

БАЛАЛАР ЖАЗЫ КӨНІЛДІ...

Биылғы жазғы каникул семейлік теміржолшылардың балақайлары үшін мейлінше қызықты өтуде. Маусым айында олардың бір тобы оңтүстікте балалар лагерінде болып қайтса, енді бірі Астана шаһарында ұйымдастырылған экотурға қатысып, уақыттарын қызықты өткізіп қайтты.

Аталмыш шараларға жергілікті салалық кәсіподақ ұйымы ұйытқы болған еді. Елордаға тек көпбалалы теміржолшылардың балалары ғана жол тартты. Небары үш күннің ішінде балалар бас қаланың ең көрікті жерлерін аралап, танымдық-тағалымдық мәні зор саяхат жасады. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде болып, ЭКСПО 2017 көрмесі өткен нысанды ара-

лады. Мұнымен қатар, еліміздегі бірегей саналатын океариумда болып, тіпті бассейнге түсуге де уақыт тапты.

Әйтсе де, бүлдіршіндер үшін теплоходқа мініп, Есіл өзенінің бойымен жүзу қатты ұнапты. Сонымен қатар олар Астана төрінде арнайы кинофильм де тамашалады.

Балалар қала орталығындағы төрт жұлдызды «Қазжол» қонақүй-



інде демалып, үш күн қатарынан мейман болды. Олардың барлығы дерлік Астана шаһарына алғаш рет барған болатын. Сондықтан да осынау ұмытылмас әрі әсерлі сапар өмір бойы естерінде қала-тыны анық.

Ал осы перзенттері үшін осындай

тамаша әрі тартымды демалыс сәттерін сыйлағаны үшін Семей ЖТ басшылығы мен кәсіподақ ұйымына Семей және Өскемен өңірінің теміржолшы ата-аналары зор алғыс айтады.

Абай ЕРТИС, Семей
Суретті түсірген автор

Спорт

Спортивный азарт и стремительная реакция игроков, виртуозные голы, восторженные крики болельщиков. Так завершился турнир по футболу, посвященный 25-летию АО «Пассажирские перевозки».



БОЛЬШЕ, ЧЕМ ПРОСТО ИГРА

Финал прошел на спортивном поле колледжа имени Д. Кунаева. За звание сильнейшего боролись команды региональных филиалов по пассажирским перевозкам «Западный», «Южный» и «Экспресс» АО «Пассажирские перевозки». Матчи проводились по круговой системе. Организатором турнира выступила профсоюзная организация центрального аппарата АО «Пассажирские перевозки» при поддержке АО «Казпрофтранс».

– Спорт – это правильный образ жизни, благодаря которому достигаются высокие результаты в работе, и командный дух, сплачивающий людей. Но особой популярностью у железнодорожников пользуется футбол, в него играют не только молодежь, но и ветераны, – отметил заместитель председателя АО «Казпрофтранс» Жупарбек Сабитов.

На поле развернулась нешуточная борьба. Ведь каждая команда была победителем отборочных игр среди 14 команд. В этот день на футбольном поле царил по-настоящему спортивный дух. Команды порадовали болельщиков, показав живой и динамичный футбол. Каждая игра проходила в невероятно упорной борьбе. Уступать

никто не хотел, поэтому бились соперники до последней секунды. В итоге победу одержала команда филиала «Экспресс», во второй позиции расположились игроки регионального филиала «Западный», тройку призеров замкнули представители регионального филиала «Южный». Лучшими игроками турнира были признаны представители трех команд: Алмас Нуртаев, Ерлан Арепов, Туркеш Жакыпов, лучшим бомбардиром единогласно признан капитан команды «Южный» Куаныш Досбергенов. Призеры были награждены дипломами и подарками.

– Каждая команда могла рассчитывать на победу, но, к сожалению, первое место только одно, – сказал генеральный директор АО «Пассажирские перевозки» Жанибек Тайжанов по завершении турнира. – Уверен, командам, не добившимся медалей в этом году, удача улыбнется в следующем сезоне.

К слову, железнодорожники очередной раз доказали, что умеют отлично владеть мячом, действовать слаженно и проявлять волю к победе.

Айлин БАУРЖАН
Фото Александра ЖАБЧУКА

«ҮМІТКЕ» ҚОЛДАУ КӨРСЕТТІ



Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі кәсіподақ ұйымының демеушілігімен «Үміт» балалар үйіне көмек көрсетті. Теміржолшылар арнайы тапсырыспен бөбектердің ойыншықтары мен танымдық оқулықтары жиналатын шкаф жасатты.

Айта кетейік, қаладағы «Үміт» балалар үйінде ата-ана қамқорлығынсыз қалған жүзден аса бала тәрбиеленіп жатыр. Мұнда 5 жасқа дейінгі бүлдіршіндер мемлекеттің қамқорлығына алынған. Тастанды сәбилердің дені – сал ауруына шалдыққан немесе түрлі туа бітті дерті бар, өздігінен жүріп-тура алмайтын балалар.

«Балалар үйі – теміржолшылар тұрақты көмек көрсететін әлеуметтік орталықтардың бірі. Мүмкіндік болса әр мереке сайын кішкентай сәбилерді қуантуға тырысамыз. Бұл жолы балаларға қажетті құралдары тұратын шкаф жасаттық», – деді кәсіподақ төрайымы Айша Қалағанова.

Кәсіподақ ұйымдары тек сәбилер үйі ғана емес, қарттар мен мүгедектерге арналған әлеуметтік орталықпен де тұрақты байланыста. Өздерін де ұмытпай, мекемедегі көп балалы теміржолшылар мен тұрмысы төмен отбасыларға да тұрақты көмек көрсетеді.

Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе

ЖАТТЫҒУ ЗАЛЫ АШЫЛДЫ

«Нұрлы жол» вокзал кешенінде қызметкерлерге арналған спорт залы ашылды. Кешеннің 6-шы қабатында орналасқан залда спортпен шұғылданамын деген адамдарға барлық жағдай жасалған.

Атап айтқанда, түрлі тренажерлар, фитнеске арналған жүгуір жолдары, боксқа арналған құрылғылар, әр түрлі салмақтағы дискілері бар штангалар бар. Вокзал кәсіподағының төрағасы Бейімбет Ұласбектің айтуынша, жабдықтардың көбін Кәсіподақтың Орталық аппараты алып берген.

– Спорт – жаман әдеттерден сақтайтын, салауатты өмір салтын ұстанудың негізі. Денсаулықты сақтауға және жақсартуға көмектеседі. Салауатты өмір салты міндетті түрде позитивті ойлауды, белсенді өмірлік ұстанымды, өмірде рухани үйлесімділікке қол жеткізу қабілетін арттырады. Спорт – бұл әрқашан дені сау және өз денесін жақсы ұстағысы келетіндер үшін қажеттілік. Осындай жандар біздің теміржолда, соның ішінде вокзалда өте көп. Бұл залда қызметкерлер жұмыстан тыс кезде келіп, спортпен айналысатын болады, – дейді Б.Ұласбек. Ол сондай-ақ жақында ерлер мен әйелдерге арналған душ кабинет те пайдалануға берілетінін жеткізді.

Нұрай СӨРСЕНҒАЛИ
Суретті түсірген автор

Следующий номер газеты «Қазақстан теміржолшысы» выйдет 11 июля 2023 года.



ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫ



КАЗКОЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол»

автомобиль, аяу және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шакида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Паничева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабыржан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шымкент: Сабира Байзақова 8-702-509-00-43

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу нөмірі берілді.